

Медициналық қызмет көрсетуде дәрігерлік құпияны сақтау. Коммуникативтік компетентсіздікке дәрігердің құқықтық жауапкершілігі (науқас шағымы)

Тобы: 3-001 МПД

**Орындаған: Нурахова Ж. Ш
Серикова Ы. Б**

Қабылдаған: Оспанова Ж. Б

Жоспар

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім.

1. Дәрігерлік құпия
2. Дәрігерлік құпияны сақтау шарттары
3. Медициналық қызметкердің коммуникативтік компетенттілігі
4. Коммуникативті біліксіздік (науқастың шағымдануы) кезінде дәрігердің құқықтық жауапкершілігі

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер.

Мақсаты

- Медицина қызметкерінің өз эмоцияларын, яғни көңіл күйін тұрақты ұстай білуін, құпияны сақтай білу қабілеттілігін, өз реакцияларын бақылап қадағалау, әдеп сақтай білу қасиеттерін қарастыру.

Кіріспе


Медицина қызметкері үшін ең бастысы – адам өмірін сақтау, аурулардың алдын алу және денсаулығын қалпына келтіру, сондай-ақ емделмейтін ауруға шалдыққандар азабын жеңілдету. Медицина қызметкері өз шешімдері мен іс-әрекеттері үшін толық жауапкершілігін мойнына алады, сол үшін ол жүйелі түрде кәсіби шыңдалып отыруы керек. Сонымен қатар өз қызметінде медицина қызметкері дәрігерлік құпияны сақтауға міндетті болып саналды.

Дәрігерлік құпия

Әр пациент жеке құпиясының сақталуына құқылы және дәрігер, сондай-ақ медициналық көмек көрсетуші басқа да тұлғалар медициналық құпияны сақтауға пациент қайтыс болған жағдайда да міндетті, егер науқас басқадай өкім ұсынбаса дәрігерлік көмекке жүгіну фактісі де құпия болуы тиіс.



● *Күпия емдеу барысында және қарану барысында
(диагноз, емдеу әдісі, болжамы және т.б.)
алынған барлық мәліметтерге міндетті болып
табылады*



Дәрігерлік құпияны сақтау шарттары

- Дәрігер науқасты емдеуге қатысқан тұлғалардың кәсіби құпияны сақтауын қадағалауға міндетті.
- Пациент жөніндегі мәліметтерді білуге құқығы бар тұлғалар барлық алған мәліметтерді құпияда сақтауға міндетті.
- Ғылыми зерттеулер барысында, студенттерді оқыту және дәрігерлердің білімдерін жетілдіру барысында дәрігерлік құпия сақталуы тиіс. Науқасты көрсету оның келісімі бойынша ғана жүзеге асады.

Пациент жөніндегі ақпарат жария болу жағдайлары:

- Пациенттің өзінің айқын жазбаша келісімі бойынша;
- Тексеріс, прокуратура, сот органдарының мүдделі талабы бойынша;
- Егер құпияны сақтау пациент өмірі мен денсаулығына немесе басқа тұлғаларға (қауіпті жұқпалы аурулар) қауіпті болса;
- Егер емдеуге басқа маман шақырылып, бұл ақпарат кәсіби тұрғыда қажет болса.


Медициналық қызметкердің коммуникативтік компетенттілігі

Медицина қызметкерінің **коммуникативті компетенттілігі** - кәсіби маңызды қасиет. Мамандығына байланысты медициналық қызметкер үнемі және тығыз, қарқынды қарым-қатынас жасауға мәжбүр болады: науқастармен және олардың туыстарымен, жақындарымен, басқадай медициналық қызметкерлерімен (дәрігер, әріптестері, мейірбикелер, кіші мейірбикелер, мекеме әкімшілігімен т.б). Тиісті мамандық дәрежеге және табысқа жету үшін медициналық қызметкер қатынасу білгерлігін, басқа адамдармен қарым-қатынас тәсілдерін, үнемі дамытып, жетілдіріп отыруы қажет. Коммуникативтік компетенттік сияқты тұлғалық коммуникативтік мәдениет, бос орында пайда болмайды, ол қалыптасады.

Медициналық қызметкердің көбісі, әрине, сөзсіз профессионалды мамандар, бірақ шаршағыштық, эмоциональды жүктеме, отбасылық қиындықтар, өзін нашар сезінуі секілді жағдайлар, медициналық қызметкерлердің сұхбатты өз деңгейінде жүргізуіне кері әсерін тигізеді. Медициналық қызметкерлердің жеке бас қасиеттерінің ішінен сұхбатқа кері әсерінен тигізетін факторлардың бірі - **компетентсіздігі** (білімсіздігі, тәжірибесінің жеткіліксіздігі, науқасқа жаны ашымау, оны түсіне алмау)



Науқаспен тиімді психологиялық жанасу арқылы нақтылы түрде және толық мәлімет жинастыру мүмкіншілігі туады. Ал егер де бұл жанасу болмаған жағдайда арада келіспеушіліктер туады. Яғни, коммуникативтік компетентсіздік орын алады.



Коммуникативті біліксіздік (науқастың шағымдануы) кезінде дәрігердің құқықтық жауапкершілігі.

Науқастар мен медицина қызметкерлерінің арасындағы шиеленістердің соңғы кезде жиі кездесуі, олардың жұмыс тәжірибесі көрсететіндей, ақиқатты қиыншылықтар мен жұмыс кемшіліктері және моральдік дәрежесі төмендеуімен қатар, азаматтардың денсаулық сақтау жүйесіндегі өз құқығын аз білуімен және оны нақтылы бағалай алмауымен, дәрігерлердің өз әрекеттерінің заңды аспектілерін толық меңгермеуімен байланысты. Құқығы бұзылған науқас, өз шығындарының толық есесін қайтаруына талап қоюына болады. Науқасқа зиян келтірілген медицина қызметкері оны толық көлемде өзі ақтауы керек.

Қорытынды

Медицина қызметкері пациенттің қадір-қасиеті мен намысын, жеке құпиясына деген құқығын құрметтеп, оған мейіріммен қарап, туған-туысқандарының науқас жағдайына алаңдаушылық білдіруіне түсіністікпен қарауы қажет, бірақ айтарлықтай кәсіби қажеттілік болмаса пациент пен оның отбасы мүшелерінің жеке істеріне кіріспегені дұрыс. Медицина қызметкері әрдайым коммуникативтік компетенттілікке ие болуы тиіс. Егер этикалық нормалар тәртібін бұзу Қазақстан Республикасының іс жүзіндегі ережелеріне қайшы келсе, медицина қызметкері заң алдында жауапқа тартылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

Негізгі:

- 1.Рогов Е.И «Психология общения» Издательство М, ВЛАДОС,2004
- 2.Островская И.В «Психология. Учебник для медицинских училищ и колледжей»
- 3 М.А.Асимов, С.А.Нұрмағамбетова, Ю.В. Игнатъев «Коммуникативті дағдылар»оқулық Алматы 2009
- 4.Оразбекова Г.А.,Сексенали А.Н. « Дәрігердің коммуникативті дағдылары» Алматы 2009

Қосымша:

- 5.Карварский Б.Д. «Клиникалық психология». Национальная медицинская библиотека, Питер,2004
- 6.Полянцева О.И. «Психология для средних медицинских учреждений. Среднее профессиональное образование». Ростов-на-Дону, «Феникс», 2004



Назарларыңызға рахмет!